

# KASE

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР  
НАРЫҒЫ

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ

ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАЛАР  
НАРЫҒЫ

ӘЛЕМДІК НАРЫҚ



## KASE АПТАЛЫҒЫ

23–27 Ақпан, 2026

### KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- АНОНС: 05 наурызда KASE "Ring the Bell for Gender Equality" сауда-саттықтың ашылу рәсімін [өткізеді](#).
- KASE 2026 жылдың наурыз айына өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші класындағы бағалы қағаздар тізімдерін [қалыптастырды](#).
- KASE ресми тізіміне "Rangeld Finance" МҚҰ ЖШС [KZ2P00017304](#) (MFRGb2) облигациялары және АҚШ Қаржы министрлігінің [US91282CCH25](#) (US191\_2806) халықаралық облигациялары енгізілді.
- KASE-де облигацияларымен "MOST" МҚҰ ЖШС [KZ2P00016561](#) (MFSTb1), "BASS Gold" ЖШС [KZ2P00017288](#) (FPSTb8), "Standard инвестициялық компаниясы" АҚ [KZ2C00016970](#) (STDIB1), "Rangeld Finance" МҚҰ ЖШС [KZ2P00017304](#) (MFRGb2), BI Development Ltd. жеке компаниясының [KZ2D00015369](#) (BIGDb10) және [KZ2D00015427](#) (BIGDb12), "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [XS3108524227](#) (BRKZe20) облигацияларымен және АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық облигацияларының [екі шығарылымымен](#) сауда-саттық ашылды.
- "BASS Gold" ЖШС [KZ2P00017288](#) (FPSTb8), "Birinshi Lombard" ЖШС [KZ2P00016397](#) (MFBLb8) және [KZ2P00016405](#) (MFBLb9) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- "BCC Invest" АҚ BI Development Ltd. жеке компаниясының KZ2D00012838 (BIGDb3) және KZ2D00012846 (BIGDb4) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- BHM Capital Financial Services P.S.C. "қор" санаты бойынша KASE-нің шетелдік мүшесі болып [қабылданды](#).
- KASE-де Еуропалық қайта құру және даму банкінің XS2655869530 (EBRDe19) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық [қайта басталды](#).
- 01 наурыздан бастап KASE\_BM\* сериялы индекстердің өкілдік тізімі 86 атаудағы облигациялардан [тұрады](#).
- 01 наурыздан бастап KASE\_ESGB\* сериялы индекстердің өкілдік тізімі 20 атаудағы облигациялардан [тұрады](#).
- 02 наурыздан бастап KZGB\_CPM1M және KZGB\_DPM1M индекстерін есептеуге арналған өкілдік тізім 58 атаудан [тұрады](#).

### ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 35,0 млн МЕОКАМ [KZK200000737](#) (MOM060\_0054) және 81,8 млн МЕУКАМ [KZKD00001319](#) (MUM072\_0016) орналастырды.
- BI Development Ltd. жеке компаниясы KZ2D00015369 (BIGDb10) облигацияларын орналастыру арқылы \$4,9 млн [тартты](#).
- BI Development Ltd. жеке компаниясы KZ2D00015427 (BIGDb12) облигацияларын орналастыру арқылы \$1,6 млн [тартты](#).
- BI Development Ltd. жеке компаниясы KZ2D00015427 (BIGDb12) облигацияларын орналастыру арқылы \$3,9 млн [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00015113 (KFUSb106) облигацияларын орналастыру арқылы 4,2 млрд теңге [тартты](#).

### ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСАТ

- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ 2021 және 2022 жылдары жай акциялар бойынша дивиденд [төледі](#).
- "Банк ЦентрКредит" АҚ Директорлар кеңесі KZ0007786572 (CCBN) жай акцияларын кері сатып алу бағдарламасының жабылуын [бекітті](#).
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ 2025 жылдағы өндірістік нәтижелерін [хабарлады](#).

27.02.2026

KASE Индексі	Бағасы	Трендтер (%)	
		Δ 7к	Δ 1а
KASE Индексі	7 711,15	1,4	0,3
PayPal Holdings Inc.	46,0	10,0	- 17,5
AT&T Inc.	29,8	6,7	28,6
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	26 050,0	5,8	17,0
АО "КазТрансОйл"	1 041,9	4,2	7,8
Pfizer Inc.	27,5	3,9	2,8
Intel Corporation	45,5	3,8	4,0
Apple Inc.	268,7	2,8	3,3
АО "Народный Банк Казахстана"	404,5	2,1	9,3
АО "Кселл"	3 440,0	2,1	3,7
АО "Казакхтелеком"	43 999,0	1,0	- 1,8
Freedom Holding Corp.	119,0	0,8	- 9,2
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	41 270,0	0,7	7,1
АО "Банк ЦентрКредит"	4 718,0	- 0,1	0,8
АО "KEGOC"	1 461,1	- 0,1	- 0,8
АО "Эйр Астана"	836,1	- 0,3	- 4,4
АО "ForteBank"	15,0	- 0,7	- 7,5
АО "KM GOLD"	58,0	- 0,9	- 4,5
Advanced Micro Devices, Inc.	200,6	- 1,0	- 20,9
Microsoft Corporation	395,0	- 1,9	- 17,5
АО Kaspi.kz	36 450,0	- 2,3	- 8,6
Tesla, Inc.	403,9	- 2,7	- 7,6
NVIDIA Corp.	181,5	- 3,5	- 2,2
Bank of America Corporation	50,0	- 4,7	- 3,8

KASE жергілікті индексі тарихи максимумға жақындап, аптаны 7 711 тармақ деңгейінде жапты. Аптаның қорытындысы бойынша өсім 1% құрады. Индекстік қағаздардың көп бөлігі аптаны плюс аймағында аяқтады.

Мұнай саласының акциялары тағы да өсім көшбасшылары болды. ҚазМұнайГаз және ҚазТрансОйл қағаздары тиісінше 6 % және 4 % қосты.

Көшбасшылар тізімінде үшінші орында – Halyk Bank-тің жай акциялары, олар 2 % қымбаттады. Сонымен қатар қаржы секторының басқа өкілдері – Банк ЦентрКредит және Kaspi.kz жай акциялары тиісінше 0,1 % және 2 % арзандады. ЦентрКредит Банкінің Директорлар кеңесі жай акцияларды кері сатып алу бағдарламасының жабылуын бекітті, оның шеңберінде 2025 жылдың 15 сәуірі мен 31 желтоқсаны аралығында бір дана үшін 2 200 теңге бағамен 11 млн-нан астам жай акция кері сатып алынды.

Байланыс саласының қағаздары аптаны жасыл аймақта аяқтады. Кселл және Қазақтелеком акциялары тиісінше 2 % және 1 % өсті.

Қазақтелеком негізінде жасанды интеллект үшін инфрақұрылымды дамыту орналасқан жаңа стратегиялық модельге көшу туралы хабарлады. Компания Орталық Азиядағы ең ірі есептеу қуаты кампусы "Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы" стратегиялық жобасын іске асыруға кірісті. Павлодар облысының Екібастұз қаласында 400 гектардан астам аумақта бастапқы қуаты шамамен 300 мегаватт және одан әрі 1 гигаваттқа дейін кезең-кезеңімен кеңейту мүмкіндігі бар озық Инфрақұрылым құрылуда. Компанияның мәліметінше, жоба әрқайсысы 50 мегаватт болатын 4 кезеңнен тұратын деректер орталықтарын, сондай-ақ Google, Amazon, Microsoft және Nvidia сияқты халықаралық hyperscalers және BigTech компанияларын тарту үшін қуаты 100 мегаваттқа дейінгі толық дайындалған GreenField аймағын салуды көздейді. Инфрақұрылым Tier III әлемдік стандарттарына сәйкес келеді, ал энергия тиімділігі коэффициенті PUE 1.25 болады.


Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

**KASE Индексінің акциялары**

Сауда-саттық көлемі, млн теңге (←) KASE Индексі (→)




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




Ақша нарығында біркүндік TONIA репосын тарту мөлшерлемесі апта қорытындысы бойынша жылдық 17,97 %-ға дейін өсті. Біркүндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 13,94 %-ға дейін өсті.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



### Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Қаңтар айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 501,24 теңгеге дейін 0,9%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа бір күндік көлемі бір айда 359 млн АҚШ долларынан 306 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,8 млрд АҚШ долларын құрады.

Қаңтар айында Ұлттық қордан 350 млн АҚШ долларында валюта сатылды, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 6%-ын құрады немесе ол – күніне 18,5 млн АҚШ долларынан аспайтын мөлшер.

Күтілетін фискалдық түсімдерді ескергенде, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша ақпан айында республикалық бюджетке трансферт бөлуге Ұлттық Банк Ұлттық қордан 350 млн АҚШ долларынан 450 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылады деп болжайды.

Қаңтар айында айналау операциясы аясында 350 млрд теңге алынды. Ақпанның ішінде осы мақсатта 350 млрд теңге баламасында валюта сату күтіледі.

Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ айналау тетігін іске асыру кезінде Ұлттық Банк нарықтың бейтарап қағидатын сақтайды, бұл шетел валютасын тұрақты және біркелкі сатуды білдіреді.

Ұлттық Банк қаңтарда валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.


Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінде валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті сату нормасы аясында валюта түсімін сату көлемі шамамен 206 млн АҚШ долларын құрады.

Осыған дейінгі жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтердің үлесі 40%-дан асатынын екенін ескергенде, Ұлттық Банк қаңтар айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алмады. Ақпанда да валюта сатып алуға қатысты жоспар жоқ.

### Шетел валюталарының бағамы

#### динамикасы

Δ %, база (01.01.25)




Цена Δ 7д, % Δ 30д, % Δ 2024, %

— GBPKZT	670,41	0,59	-1,33	3,03
— USDKZT	497,56	0,59	-0,10	-4,16
— EURKZT	586,92	0,87	-0,87	8,32
— CNYKZT	72,55	1,31	1,56	2,27
— RUBKZT	6,44	0,16	-0,76	30,66

### Brent мұнай құны

#### USD/баррель



72,48

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
S&P 500	6 878,88	-0,4	-1,4	17,4	-0,5
Dow Jones	48 977,92	-1,3	-0,1	13,3	-1,4
PTC	1 141,13	0,0	-0,9	-1,7	
MMBБ	2 799,14	0,7	0,4	-13,4	
Hang Seng	26 630,54	0,8	-4,3	12,3	0,7
SS CSI 300	4 710,65	1,1	-0,2	18,7	1,5
Euro Stoxx 50	6 138,41	0,1	3,5	12,2	0,3
FTSEuroFirst	7 012,50	1,0	4,7	15,8	0,9
FTSE 100	10 910,55	2,1	7,4	24,6	2,2
KASE	7 711,15	1,4	0,3	38,2	

Шикізат нарығы

27.02.2026

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	72,48	1,0	6,0	-2,1
Мұнай (WTI)	67,02	0,9	6,0	-4,7
Табиғи газ	2,86	-6,2	-61,7	-27,3
Мыс	600,45	2,8	1,3	31,1
Темір	772,50	-4,4	-4,5	-5,9
Алтын	5 278,93	3,4	-2,6	83,5
Күміс	92,68	12,6	-18,4	191,4
Астық	591,25	3,1	10,3	8,1

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
02.03 <a href="#">Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (ақпан)</a>	USD	51,2	52,4
03.03 <a href="#">Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (ақпан)</a>	EUR	1,7%	1,7%
04.03 <a href="#">Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (ақпан)</a>	CNY	49,1	49,3
04.03 <a href="#">Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (ақпан)</a>	USD	52,3	52,3
05.03 <a href="#">Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғаш берілген өтінімдердің саны</a>	USD	215K	212K
06.03 <a href="#">Бөлшек сауда көлемі (а/а) (қаңтар)</a>	USD	-0,3%	0,0%
06.03 <a href="#">Ауыл шаруашылығы емес секторда жұмыспен қамтылғандар санының өзгеруі (ақпан)</a>	USD	58K	130K
06.03 <a href="#">Жұмыссыздық деңгейі (ақпан)</a>	USD	4,3%	4,3%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	12,2%	01.02.26	12,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	71,6	01.02.26	65,4
Ақша базасы, млрд KZT	15 273,8	01.02.26	15 678,7
Ақша масса, млрд KZT	50 734,4	01.02.26	52 751,7


Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
<b>S&amp;P Global</b>	BBB-/A-3 позитивті	20.02.26	BBB-/A-3 позитивті
<b>MOODY'S</b>	Baa1/тұрақты	01.10.25	Baa2/позитивті
<b>FitchRatings</b>	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, А15G7M6,  
Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers  
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-  
қабат

**Тел.:** +7 (727) 237 53 23  
+7 (727) 237 53 28



**KASE**



**FAQ**

**in**



**f**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.